



АСТАНА – БІЛІМ ОРДАСЫ

4-БЕТ | ЕЛОРДА



СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР...

5-БЕТ | САРАПТАМА



ТУҒАН ЕЛДІ ПОЙЫЗБЕН АРАЛАЙДЫ

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан жаһандық және аймақтық серіктестерімен достық қарым-қатынасты нығайту үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Біз қазіргі жағдайда Орталық Азиядағы бауырлас елдермен аймақтық әріптестік орнатуға баса назар аударамыз. Ел ішінде әділдік, заң үстемдігі, теңдік және әділ сот төрелігі қағидаттарын енгізу үшін реформа жүргізуге бағытталған тиісті шараларды қолға аламыз. Заң мен тәртіпке негізделген менің ұстанымым айқын. Бұл – «Жаңа Әділетті Қазақстанды» құрудың берік негізі.

№69 (4502)

Сейсенбі 13 маусым 2023 жыл



АСТАНА

ELORDA AQPAPAT MEDIA HOLDINGI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АПАТТЫҢ АУЫР ЗАРДАБЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысына жұмыс сапарымен келіп, өртеніп жатқан орман алқабын тікұшақпен аралап шықты. Мемлекет басшысына Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдиков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев өрт сөндіру жұмысының барысы және табиғат апаты салдарымен күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

2

ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК ЖИНАУДЫ БАСТАДЫ

Ұлттық волонтерлер желісі Абай облысындағы өрт салдарынан эвакуацияланған тұрғындар мен қызыл жалынды ауыздықтауға тартылған мамандарға гуманитарлық көмек көрсету үшін қаражат жинауды бастады.

«Барлық жанашыр адамдардан осы акцияны қолдауды сұраймыз. Жиналған қаражат volontery_semey_lider.kz аударылады, волонтерлер қажетті тауарларды сатып алып, төтенше жағдай орнына жеткізеді. Түскен қаражаттың есебі біздің парақшаларымызда жарияланады» делінген ұлттық волонтерлер желісінің Instagram-парақшасында жарияланған хабарламада. Көмек көрсетуге ниетті азаматтар ақшаны екінші деңгей-

лі екі банктер арқылы аударалады. Атап айтқанда, «Kaspi» және «Halyk Homebank» қосымшасындағы «Қайырымдылық» бөліміне өтіп, «Национальная волонтерская сеть» қызметін таңдап, ақша жіберуге болады. Ал заңды тұлғалар үшін – ОЮЛ «Национальная волонтерская сеть», БИН: 120940 015 916, «Қазақстан халық банкі» АҚ КББ 18. БИК HSBKZZKX, P/S KZ23601A871001005521» реквизиттері көрсетілген.



ҰЛТ БОЛЫП АЗА ТҰТТЫ

Абай облысындағы өрт кезінде 14 адам қаза тапты. Осы қайғылы оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алапат өрттің салдарынан қаза тапқан азаматтарды еске алу үшін 12 маусымды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Кеше елімізде мемлекеттік туымыз түсіріліп, халық өрт құрбандарына тағзым етті.

2



ЕЛЕНА РЫБАКИНА – ӘЛЕМНІҢ ҮШІНШІ РАКЕТКАСЫ

Кеше WTA жаңартылған рейтингін жариялады. Қазақстандық Елена Рыбакина 3-орыннан көрінді.

Бұған дейін Қазақстан теннисшілері әлемдік рейтингте мұндай жетістікке жеткен жоқ.

Қазір Рыбакинаның активінде 5090 ұпай бар. Ал әлемдік рейтингте кеше ғана «Ролан Гаррос-2023» чемпионы атанған польшалық Ига Швентек (8940) 1-орында тұрса, беларусиялық Арина Соболенко (8012) екінші сатыда тұр.

Еуропаның 15 елінде тұрып жатқан қазақтар Германияның Кельн қаласында құрылтай өткізді.

АБАЙ ҮЙЛЕРІ АШЫЛДЫ

Құрылтай Мемлекет басшысының арнайы құттықтауымен ашылды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық ықыласын Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев жеткізіп, елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар туралы айтып берді. Құрылтай аясында қазақтың ана тілі мен мәдениеті, тарихы талқыланды. Құрылтай аясында Қазақстанда туып-өскен немістер Кельн және Залах қаласында Абай үйін ашты. Бұл Германиядағы сегізінші Абай үйі болды.

Еуропа қазақтарының кезекті құрылтайы келесі жылы Австрияда, ал 2025 жылы Венгрияда өтеді.

МҮЛІК САЛЫҒЫ АРТАДЫ

Бірнеше пәтері бар азаматтарға салық иелігіндегі жылжымайтын мүліктің жиынтық құнынан есептелуі мүмкін. Бұл туралы Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин айтты.

«Мысалы, 10 бірдей пәтері бар меншік иелері бар. Олардың иелігіндегі әр пәтерді жеке алып есептесе, салық мөлшерлемесі әр пәтер үшін жеке есептеледі. 1 бөлмелі пәтерінің құны 20 млн теңге болса, салық мөлшерлемесі басқаша болады. Ал егер 10 пәтердің құнын қосып

есептесе, 200 млн теңге болады. Сәйкесінше, 200 млн теңгеге салынатын салық мөлшерлемесі де жоғары болуы керек. Сондықтан осындай санаттар үшін мүлік салығы жиынтық құнына байланысты есептелуі керек. Тиісінше, салық мөлшерлемесі де жоғары болады» деді вице-министр.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 479.4 \$ USD/KZT 445.62 ₸ RUB/KZT 5.4 ¥ CNY/KZT 62.49

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинді және Ресей халқын ұлттық мерекесі – Ресей күнімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жеделхатында Ресей халқына амандық тіледі, сондай-ақ екі ел халықтарының игілігі мен мүддесі жолындағы ынтымақтастықтың нығая беретініне сенім білдірді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Өзбекстан тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Өзбекстан Президенті Абай облысындағы өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына көңіл айтты. Шавкат Мирзиёев қаза тапқан азаматтардың отбасының қайғысына ортақ екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында тараптар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін тағы да растады және әлемдегі қазіргі жағдай туралы пікір алмасты.

Түркия тарапының бастамасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті. Түркия Президенті Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа және бауырлас Қазақстан халқына көңіл айтты.

Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

БҰЛ – ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Абай облысындағы өрттен қаза тапқан жандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

«Абай облысындағы орман шаруашылығында еңбек етіп жүрген 14 қызметкердің өмірін қиған өрт – бүкіл халқымыз үшін қайғылы оқиға. Бұл – орны толмас қайғы. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамын. Құтқарушылардың жақын арада алапат өртті сөндіруін, ал тұрғындардың үйлеріне аман-есен оралуын тілеймін!» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.



АПАТТЫҢ АУЫР ЗАРДАБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Абай облысына жасаған жұмыс сапары барысында «Семей орманы» табиғи резерватындағы алапат өрт салдарынан қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарымен кездесіп, оларға көңіл айтты. Сондай-ақ орман шаруашылығындағы олқылықтар туралы арыз-шағымдарын жеткізді. Атап айтқанда, марқұмдардың туған-туыстары резерваттағы материалдық-техникалық база сын көтермейтінін, орманшылардың еңбекақысы аздығын, ал қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары нашар екенін айтты.

Мемлекет басшысы Бас прокуратура осы қайғылы жағдай бойынша тергеу амалдарын жүргізіп, кінәлі адамдар жауапқа тартылатынын айтты. Сондай-ақ Президент жақы-

нынан айырылған отбасыларға таяу арада көмек көрсету жөнінде Үкіметке тапсырмалар берді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысындағы алапат өртке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар, ең алдымен, табиғат апаты кезінде қаза тапқан азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

«Елімізде тағы да алапат өрт болып жатыр. Өкінішке қарай, тілсіз жаумен күрес кезінде азаматтарымыз қайтыс болды. 14 адам қызметтік міндетін атқарып жүріп ерлікпен қаза тапты. Мен жаңа ғана бұл адамдардың туыстарымен кездестім. Өте ауыр әңгіме болды. Жұрт жылап отыр. Үкіметке наразылығын айтып жатыр. Марқұмдардың отбасыларына және жақындарына қайғыра көңіл айтамын» деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңадан тағайындалған

Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановты таныстырып, ведомствоға жүктелетін басты міндеттерді атап өтті.

«Алда ауқымды жұмыс бар. Жалпы, бұл салада түйткілдер, шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Қазіргі таңда негізгі міндет – жұмысты сапалы жүргізу. Бұл – ең алдымен, осындай апаттарға жол бермеу қажет, сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде тиісті шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деген сөз. Бұл жағдай кәсіби салғырттықты, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтынымызды көрсетті. Мен бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік және оның басшылары өздерінің қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай қайғылы жағдай болып отыр» деді Мемлекет басшысы.

Президент өртпен күрес шараларының басы-қасында жүрген Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдиков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың табиғат апаты салдарымен күресу, жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарын эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Президент баяндамашылардың жауабына көңілі толмайтынын жеткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановқа батыл кадрлық шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма берді. Ал Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевқа сөгіс жариялады.

Президент қазір адам өмірін сақтау, сондай-ақ өртті ауыздықтау басты мақсат екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылмағанын, берілген тапсырмалар атүсті орындалғанын қатаң сынға алды.

«Қауіп-қатердің бағаланбағаны қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Болжам дұрыс жасалмады. Нәтижесінде табиғат апаты тиісті дәрежеде әрі дер кезінде ауыздықталмады. Демек, тиісті алгоритмдер жұмыс істемейді. Бұл, ең алдымен, ТЖМ-нің кемшілігі. Бас прокуратураға қозғалған қылмыстық іс аясында уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекетіне нақты баға беруді тапсырамын» деді Мемлекет басшысы.

Президент орман және дала өртін алдын ала анықтау және апатты жағдайдан сақтандыру жөніндегі жұмыс тәртібі жолға қойылмағанына назар аударды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылармен және еріктілермен кездесті.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Түркияда балалардың 52,2 пайызы кибербуллингке тап болған.

Ақпарат технологиялары және коммуникациялар агенттігінің зерттеуі бойынша 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің көбі моральдық тәрбиеге қайшы келетін хабарламалар алған. Бауырлас ел киберқауіпсіздікті күшейтті. Түркияда кибербуллинг жасағандар заңмен қатаң жазаланады. Заманауи дертпен күресу үшін бірқатар жоба іске қосылған. Мәселен, «Сиберай» жобасы – қауіпсіз интернетті қалыптастыруға бағытталған жоба.



Амазониядағы ну орманда 1 жасар бала 40 күн бойы күн кешкен.

Әкесінің айтуынша, түйнек жемісті тропикалық өсімдік – кассава балалардың аман қалуына сеп болған. 1 мамыр Колумбияда болған ұшақ апатынан, арада 40 күн өткенде, 13, 9, 4 жастағы және бар болғаны 12 айлық балақай дін аман табылды. Балалардың әкесі Мануэль Ранок қуанышына сене алар емес. Жергілікті байырғы тайпа өкілі ретінде ол періштелерін ажалдан сақтап қалған табиғат-анаға алғыс айтумен жүр.



Аптап ыстықтың ағзаға әсері зерттеліп жатыр.

АҚШ ғалымдары қатты ыстықтың адам ағзасына әсерін зерттеуде. Зерттеушілер манекеннің көмегімен температура мен жылуды бақылайды. Ауа райының әртүрлі жағдайын модельдеу адам ағзасының қатты ыстыққа қалай құбылатынын көрсетеді дейді ғалымдар. Ресми мәліметтерге сәйкес, АҚШ-та жыл сайын ыстықтан 700-дей адам қаза болады, 9 мыңнан астам адам ауруханаға түседі.



ДӘРІГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Елорданың №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасында балалар реанимациясы саласының белгілі мамандары мәскеулік Владимир Лазарев пен Лоайса Уго Карлостың қатысуымен «Балалар анестезиологиясы мен реаниматологиясының заманауи мәселелері» тақырыбында шеберлік-сыныбы өтті.

Ресейлік мамандар балалардағы қарқынды терапияны респираторлық қолдау бойынша озық тәжірибесімен бөлісті. Шеберлік сабағының аталмыш ауруханада өтуінің себебі бар. №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы 300 науқасқа арналған. Дәрігерлер күніне 170-тен астам науқасқа ұшырағандарды қабылдайды. Оның 70 пайызы дәрігер кеңесін алып, әрі қарай емді үйде жалғастырса, қалған 30 пайызы ауруханада ем алады. Бүгінде балалар арасында ЖРВИ, ішек инфекциясы жиі кездеседі. Аурухана директоры Әлия Рүстемова бытырдан бері балалар денсаулығының жалпы көрсеткіші коронавирус салдарынан төмендеп кеткенін айтты.

– Пандемия уақытында ересектер жиі ауырса, балаларда дәл сондай ауру белгілері болғанмен, олар жеңіл өтті. Ол кезде ата-аналар білген де жоқ. Қазір балалар ауырған кездегі талдамалар нәтижесі біздің болжамымыздың

дұрыс екенін көрсетті. Қазір балалар денсаулығына коронавирустың әсер еткенін нақты айта аламыз. Әсіресе тыныс алу жолдарында әлсіздік бар. Бұрынғыдай балаларда аурулар жеңіл өтпейді. Сол себепті тәжірибе алмасу үшін Мәскеуден әріптестерімізді шақырдық, өйткені бұл – біздің елімізде ғана емес, әлем бойынша болған өзгеріс, – деді Әлия Рүстемова.

Бүгінде №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасында 130 балалар дәрігері бар, оның 20-сы – балалар анестезиолог-реаниматологтары. Ал іс-шара «Мереке» қайырымдылық қорының демеушілігімен ұйымдастырылды.

Аяулым ДАУЫЛБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің
1-курс студенті

САЛЫҚ ТӨЛЕУГЕ САЛҒЫРТ ҚАРАМА!

«Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығында қалалық Мемлекеттік кірістер департаментінің ұйымдастыруымен «Салықтар туралы сұра!» науқаны өтті.

«Аталмыш акция салық салу мәселесінде халықтың салықтық сауатын арттыру, сондай-ақ «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жеке және заңды тұлғаларға көмек көрсетуге бағытталды» деді өз сөзінде Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы Алмагүл Надарханова.

Азаматтардың көлік, жер және мүлік салығы бойынша берешекті тексеру рәсімі, сондай-ақ, жалпыға бірдей декларациялау, кәсіпкерлердің қызметін тіркеу және тоқтату, арнайы салық режимін қолдану, бөлшек салық бойынша өзгерістер, POS-терминал-



дарды қолдану, eSalyq Azamat, eSalyq Business мобильді қосымшаларын пайдалану секілді мәселелер бойынша ақпарат айтылды. Іс-шараға қа-

тысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жан-жақты жауап алды. Алғаш рет өткізілген науқанға 300-ге жуық азамат қатысты.

ҚОЛЫНДА – ҚОБЫЗЫ



Кезекті оқу жылы аяқталса да, балалар жаз мезгіліндегі демалысын тиімді әрі мағыналы өткізу мақсатында маусым айы бойы Астанадағы №2 өнер мектебінің оқушылары оқуын жалғастыруда.

Мен сабақ беретін қобыз сыныбының оқушылары: Асмира, Назым, Ханзила, Айдана, Нұрбиби, Ақжол, Сара «Ғажайып әуен» қобыз үйірмесіне қатысып, жазғы

демалысын тиімді пайдаланып жүр. Мектепшілік білімділік, тәрбиелік маңызы бар «Қобыз әлеміне саяхат» атты сынып сағатын өткізіп, қобыз аспабын ойлап

тапқан Қорқыт атадан бастап, кейінгі осы өнерді жалғастырушылар Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев, Досымжан Тезекбаев, Фатима Балғаева туралы деректер айтылып, бейнебаян көрсетілді. Соңында 1-сынып оқушылары осы уақытқа дейінгі аспапты қаншалықты меңгергенін көрсетіп, шағын шығармалар ойнайды.

Сенбі, жексенбі күндерін балалар асыға күтеді, өйткені сол күндері орталық алаңға шығып, асыр салып, күліп-ойнап, өз өнерлерін көрсетіп, басқа балалардың өнерін тамашалап қайтады. Алда маусым айының соңына дейін жоспарланған іс-шарамыз жетерлік.

Жас буынды салауатты өмірге бейімдеу, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілетін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамыту, рухани құндылықтарын қалыптастыру – біздің мәртебелі парызымыз.

Алтын АХМЕДОВА,
№2 өнер мектебі қобыз
сыныбының мұғалімі

Әлемде климаттың өзгеруінен орман өрті көбейді.

Солардың қатарына биыл Канадада орын алған ахуалды қосуға болады. Қаңтар айынан бері елде 2 мыңнан аса алқап өртке оранып, 4,5 миллионға жуық гектар жер жанып кетті. Табиғат апатынан 100 мыңнан аса адам эвакуацияланған. Қазірдің өзінде елдің батысынан шығысына қарай созылған 10-ға жуық провинцияда 400-ден аса алқап от құшағында. Тілсіз жаумен мындаған өрт сөндіруші күресіп жатыр.



Қазір әлемде туристік маусым қызып тұр.

Биылғы алғашқы тоқсанның нәтижесі жаман емес. Саяхаттағандар саны пандемияға дейінгі көрсеткіштің 80 пайызына жуықтаған. Сарапшылар екінші тоқсанның қорытындысы одан да жақсы болатынын айтады. Мәселен, туристер жиі баратын Мысыр сәуірде қонақтардың рекорд санын қабылдаған. Қазір Мысыр билігі демалуға келгендерден алым алу мәселесін қарап жатыр.

18 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Алдағы екі жылда елорданың Нұра ауданында жаңа 18 мектеп пайдалануға беріледі. Нысандардың жалпы жобалық қуаты – бір ауысымда 25 мың орын.

Аудан әкімі Жүсіп Жұмағұловтың айтуынша, құрылысқа арналған учаскелер сарапталды. Орта білім беру орындары аудан дамып, өсіп келе жатқан аумақтарда орналаспақ. Жаңа мектептердің жартысы «Жағалауда», әрқайсысы бір ауысымда 3 мың орындық тағы екеуі «Үркер» тұрғын алабына салынады. Жаңа мектептер үш ауысымдық нысандар мен мектептердің тығыздығы мәселесін шешеді.

«Жайлы мектептер» ұлттық жобасы аясында 9 жаңа мектеп бой көтереді. Бұл – жалпы білім беретін

мекемелердің жаңа форматы. Онда зертханалар, шеберханалар, басқа да керек кабинеттер ашылады. Мектептер мемлекеттік, яғни оқу толығымен тегін болады. Қазіргі күнде олардың бірнешеуінің негізі қалануда. Тағы 2 мектеп үлгі форматында болады. Бұл – 900 және 1200 орындық жалпы білім беретін оқу орындары. Білім ордалары келесі жылы ашылмақ. Бұған қоса, №17 мектептің 350 орындық корпусы қолданысқа беріледі. 7 нысанның құрылысын өзгеше оқыту бағдарламаларын ұсынатын жеке компаниялар жүргізбек.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

КЕЗЕК КҮТІП ҚАНДАС ЖҮР...

Соңғы кездері Қытай мен Қазақстан арасындағы виза мәселесі қандастарды әбден әбигерге салды. Атап айтқанда, қазақстандықтар Қытай визасын ала алмай ұзын-сонар кезек күтсе, Қытайдағы қандастарымыз Қазақстанның Үрімжі қаласындағы виза-паспорт орнының алдында айлап кезекте тұруға мәжбүр.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Көршілес ҚХР-ның Шыңжаң өлкесінде 2 миллионға жуық қандасымыз тұрады. Заманның жақсы кезінде екі ел халқының «ауылы аралас, қойы қоралас» болғанмен, 2017 жылдан кейінгі Қытайдың жергілікті саясаты мен пандемия жағдайына байланысты қандастарымыздың қазақ еліне сапарлай келуі пышақпен кескендей сап тыйылған еді. Өткен жылдың соңынан бастап бұл жағдай біртіндеп оңалып, қандастардың Қазақстанға сапарлай келуіне жол ашылғанмен, 5 жыл бойы атажұртқа көшіп кеткен туысын көре алмай, әбден зарыққан қандастар енді виза ала алмай қаңтарылууда.

«Бұған бастысы Үрімжідегі виза-паспорт орнының виза беру жұмысын дұрыс жүргізбей, аптасына үш-ақ күн жұмыс істеп, электронды жолмен кезек алу жұмысына делдалдардың араласып кеткені себеп болып отыр» дейді виза ала алмай тарыққан қандастар.

Қазақстанның Үрімжідегі виза-паспорт орны 2014 жылдан бастап «Кезек» деп аталатын виза алуға электронды жолмен кезек алу сайтын іске қосқан болатын. Қазақстанға сапарлай барғысы келген қандастарымыз сол сайттан үйінде отырып кезек алып, кезегі келгенде виза-паспорт орнына құжатын тапсырып, виза аштыратын. Бұл халыққа өте қолайлы болған еді. Бірақ соңғы

кездері осы сайттың жұмысына да делдалдар араласып, қарапайым халық кезек ала алмай қиналууда. Ал делдалдар болса виза-паспорт орнының қатысты адамдарымен астасып, кезек алуды қолдан қиындатып, оны өздерінің пайда табатын жолына айналдырған. Соның әсерінен тегін берілетін кезектің құны 8000 юанға (500 мың теңге шамасында) дейін шарықтаған. Яғни бір қандасымыз виза аштырып, Қазақстанға келмек болса, бұрынғыдай «Кезек» сайты арқылы нөмір алып, виза аштыра алмайды. Себебі сайт кезектің нөмірін таркатқан кезде күніне берілетін 180 адамның кезегі 2 минутқа жетпей таусылып кетеді екен. Мен «Кезек» сайтының жұмыс жүйесін жақсы білемін, оны жасаған – менің қасымда жүрген жігіттер, егер оны басқарушылар сайттың артық жүйесінен белгілеп тастамаса, күніне берілетін кезектің 2 минутқа жетпей таусылып кетуі мүмкін емес. Демек, бұл арада сайтты басқарушылар мен виза-паспорт орнының арасында жең ұшынан жалғасу жатқан сияқты. Мұны Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі қатаң бақылауға алып, тексеру жүргізуі керек деп санаймыз.

Әрине, алдағы уақытта Қазақстан мен Қытай арасында 30 күндік визасыз режим енгізілсе, қандастардың келіп-кетуіне тиімді болуы мүмкін. Алайда көшіп келгісі келетін қандастардың виза аштырып келетінін ескерсек, «визасыз режим енгізіледі» деп бойды кеңге салуға болмайды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен апта сайын азық-түлік жәрмеңкесін өткізу дәстүрге айналды. Өткен демалыс күндері де қала аудандарында астаналық кәсіпкерлер өз өнімдерін ұсынды.



Жәрмеңкеде сүт және азық-түлік өнімдері, көкөніс, жеміс-жидек, сиыр, жылқы, қой еті секілді тауарлар қолжетімді бағамен сатылды. Жәрмеңке сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істеді. Әр демалыс сайын Абылай хан

даңғылы, 20а (автотұрақ аймағы) мекенжайы бойынша өтетін азық-түлік жәрмеңкесіне қала тұрғындары қатысты. Айта кетейік, дәл осындай жәрмеңке Сауран, 7 және Ш.Қосшығұлулы, 14 мекенжайында жұмыс істейді.



Кез келген мемлекеттің тұғырын тіктеп, абыройын асқақтататын – сол елдің білім-ғылымы және отбасы құндылықтары. Қазақстанның келешегі кемел, болашағы жарқын болуына Астанадағы білім ордаларының қосар үлесі зор. 25 жылда бой көтерген елорданың білім ордалары айрықша қаланың еңсесін биіктетіп, рухын асқақтатып тұр. Еліміздің барлық өңірі елорданың білім ошақтарына қарап бой түзеп отырғаны белгілі.

АСТАНА – БІЛІМ ОРДАСЫ

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Осыдан 26 жыл бұрын, 1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан астанасын Алматыдан Ақмолаға ресми көшіру жүзеге асқаны белгілі. «Миллионер қала» мәртебесіне 2017 жылдың маусымында қол жеткізілді, ол кезде тұрғындар саны 1002874 болды. Кезінде 200 мыңнан ғана асатын қалада 2023 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша қала тұрғындары саны 1354435 адамды құрады, бұл – Алматыдан кейінгі Қазақстандағы екінші көрсеткіш. Яғни 25 жылда бас қала халқының саны үш есеге дерлік өсті. Бұл дегеніміз миллионнан аса адамның астаналық болып келуі, қалыптасуы көз алдымызда өтті, осыншама халықтың тағдырын елорда басқаша өзгертті.

Елордада бір күнде – 50, жылына 25000 сәби інгәлап дүниесіне ашады, 2030 жылғы 2 млн, 2050 жылғы 3 млн адамға жетеді деген болжам бар.

1998 жылы 4 маусымда Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясының тұсаукесер ресімі өтті. Қазір ол Қазақ ұлттық өнер университетіне айналды.

Сол кезде әлеуметтік нысандар – мектептер, балабақшаларды ашу мәселесі тұрды. Қаладағы 220 мың халықтың 17 пайызы ғана қазақ саналатын астанада тек бір ғана қазақ мектебі болды, ол – №4 қазақ мектебі.

1999 жылы 18 қаңтарда елордада «Мирас» халықаралық қазақ-америка мектебінің іргетасы қаланды.

1999 жылы 28 шілдеде қаланың Алматы ауданында балалар қалашығының алғашқы кірпіші қаланды. Қалашықта 120-ға тарта асыраушысы жоқ бала тәрбиелеу жоспарланды. Осы жылы 4 қарашада Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы» С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» мектебі ашылды.

2001 жылы 26 маусымда Астанада «SOS Қазақстан балалар қалашығы» ашылды. 1 қыркүйекте елорданың №2 орта

мектебіне ақын Ғафу Қайырбековтің есімі берілді.

2003 жылы 18 маусымда қала іргесінде «Балбөбек» сауықтыру лагері ашылды. 7 шілдеде Қазақ гуманитарлық-заң университеті жаңа оқу ғимаратының алғашқы кірпіші қаланса, 1 қыркүйекте «Көктал» кентінде 850 орындық жаңа мектептің ашылу салтанаты өтті, 2004 жылы оған Әлкей Марғұлан есімі берілді.

2007 жылы 27 шілдеде «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңы қабылданды. 4 қыркүйекте Астананың оңтүстік-шығыс ауданында халықаралық қазақ-түрік лицейі ашылды, 2008-2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасы бекітілді.

2011 жылы 26 сәуірде Астанада ТМД елдері мұғалімдерінің басын қосқан I құрылтай өтті. Оған 500 маман қатысты.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР

«Астана дарыны» дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау орталығы 2022-2023 оқу жылында қалалық және республикалық деңгейдегі 200-ге жуық зияткерлік олимпиада мен конкурс өткізді, оларға 32 мыңға жуық елордалық оқушы қатысты.

Шаралардың ішінде республикалық олимпиада және жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы – ең беделді зияткерлік жарыстар. Аталған іс-шараларға қатысу нәтижесі бойынша елордалық оқушылар «Дарын» РҒПО рейтингінде I орынға шығып, «Үздік олимпиадалық команда» және «Үздік команда» атағын иеленді.

Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысқан 115 оқушының 70-і орынға шығып, 10 алтын, 21 күміс және 38 қола медаль жеңіп алды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11-сынып оқушылары арасында өткен республикалық ғылыми жобалар конкурсында Астананы 47 жобамен 58 оқушы таныстырды. Конкурстың қорытынды кезеңінде қазылар алқасының шешімімен астаналық 37 жеңімпаз бен жүлдегер анықталды: 13 алтын, 13 күміс және 11 қола медаль, 8 грамота. 2022-2023 оқу жылында рес-

публикалық олимпиадалар мен конкурстарға барлығы 560 оқушы қатысты, оның 314-і жеңімпаз және жүлдегер атанды: 67 алтын медаль, 107 күміс медаль және 140 қола медаль.

Халықаралық рейтингтік олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға 280 оқушы қатысып, 206 медаль жеңіп алды. Оның ішінде: 121 алтын, 36 күміс, 49 қола медаль.

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕРЕКШЕ УНИВЕРСИТЕТ

2006 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Назарбаев университетін құру туралы жариялады. Әлемнің жетекші университеттері үлгісінде 2010 жылдың маусымында Астанада ашылған Назарбаев университетінің тәжірибесі негізінде елімізде өзге жоғары оқу орындары, озық өңірлік оқу орындары бой түзеп келе жатқаны қуантады. Назарбаев университеті интеллектуалдық-инновациялық кластер ретінде танылып келеді.

Халықаралық стандартқа сай білім қорымен қамтамасыз ету мақсатында университетте заманауи мамандық иелерін дайындайтын 7 мектеп білім береді. Олардың қатарында инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі (SEDS), жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі (SSH), жоғары бизнес мектебі (GSB), жоғары мемлекеттік саясат мектебі (GSPP), жоғары білім беру мектебі (GSE), медицина мемлекеттік фламандық оқу орны. Бұл – қызметі дербестік және академиялық еркіндік қағидатына негізделген Қазақстандағы ең алғашқы университет.

2010 жылы негізі қаланған Назарбаев университеті – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы көздейтін мемлекеттік фламандық оқу орны. Бұл – қызметі дербестік және академиялық еркіндік қағидатына негізделген Қазақстандағы ең алғашқы университет.

Шынында да, Назарбаев мектебі мен университеті – Қазақстанның білім саласындағы бренді.

БРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН МЕКТЕП

2010 жылдың 1 қыркүйегінде Астана қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларға өз есігін ашты.

2011 жылғы 12 шілдеде елордадағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебін халықаралық бакалавриатқа авторизациялау туралы шешім қабылданды. Халықаралық бакалавриат шеңберінде оқушыларға икемдеп берілуіне байланысты химия-биология бейіні қысқарып, мектептің аты Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі болып өзгерді.

NIS-тің әлемдік білім берудегі жаңаша мойындалуы, осы бағыттағы жұмысы өте маңызды. Ол баланың барлық салада жан-жақты болып өсуіне мүдделі. Біз көбіне объективті түрде баланы дамытуға тырысамыз да, ал оның ішкі үндестігін, ой-арманын қалыс қалдыратын кезіміз бар, сондықтан бала ойлаудан, армандаудан қалыс қалмауы тиіс. NIS – адамдармен диалог құрып, жүрегімен шынайы сөйлесуге, бөлісуге үйрететін мектеп. Шынында да, нәтижелі жұмыс оқушы жетістігінен көрінеді.

Елімізде 20-ға жуық Назарбаев зияткерлік мектебі бар. Олар бүгінде көпбасшы мектептер мен Целиноград педагогика институтының бірігуі негізінде құрылды.

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – дарын-

ЕУРАЗИЯДАҒЫ ОРНЫ ЕРЕК

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – Астанада орналасқан Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнының бірі. Еуразия ұлттық университеті 1996 жылғы 23 мамырда екі ЖОО – Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогика институтының бірігуі негізінде құрылды.

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – дарын-

ды және мақсатшыл жастардың ордасы. Қазақстанның жетекші көпсалалы оқу орны жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етіп, еліміздің зияткерлік, экономикалық әлеуетін дамытуға үлкен үлес қосуда.

Мұнда 13 факультет, әскери кафедра, колледж, ғылыми-зерттеу зертханалары мен мекемелері, ядролық технологиялар паркі, мәдени-білім беру орталықтары бар. Білім ордасында еліміздің және әлемнің әртүрлі мемлекетінен 19 мыңнан астам студент білім алады. Студенттер үшін 6 оқу ғимараты, 2 спорт орталығы, 8 студент үйі және студент емханасы, ғылыми кітапханалар, мұражайлар, коворкинг-орталықтар, бизнес-инкубатор шығармашылық алаңдары қарастырылған.

Сонымен қатар 460-тан астам шетелдік жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнап, академиялық ұтқырлық, қос диплом және ғылыми тағылымдама бағдарламалары сәтті жүзеге асуда. Университеттің шығаратын 18 ғылыми журналының 3-еуі Web of Science Core Collection халықаралық базасына кіреді.

Оқу ордасының қабырғасында студенттік өмір белсенді дамып келеді. Әр түрлі бағытта 60-тан астам студент ұйымы жұмыс істейді. Олардың қатарында студенттердің өзін-өзі басқару және еріктілер ұйымы, әлемдік сахналарды бағындырған студенттік театр, оркестр, би мектебі, вокалды-аспаптық ансамблі бар. Талантты жастар халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иеленуде. ЕҮҮ өзінің ширек ғасыр тарихында 80 мыңға жуық маманды даярлады.

Қазіргі таңда Астанада 15 жоғары оқу орны студенттерге білім береді. Елордада 33 колледж бар, оның 9-ы – мемлекеттік, 24-і – жекеменшік.

ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕСІГІ

Ақмола Астана атанған алғашқы жылы қалада бір ғана қазақ мектебі болды. Қазір олардың саны – 35. 1998 жылы небәрі 44 мектеп қана болатын.

Қорыта айтқанда, еліміздің бас қаласындағы білім саласында серпінді жобалар қолға

алынды, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін елордада біршама жұмыс атқарылды. Алайда қалада жалпы білім беретін мектептерде және ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын тапшылығы, үш ауысымды оқыту, педагог кадрлар мен балабақшалардың тапшылығы проблемасы сақталуда. Осы ретте елорданың білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасы қабылданып, іске асырылуда.

Елордамыздың білім беру жүйесінде 336819 баланы қамтып отырған 728 білім беру ұйымы жұмыс істеуде (244-і – мемлекеттік, 484-і – жекеменшік).

Қазіргі таңда елордада 236757 бала контингенті бар 164 жалпы білім беретін мектеп бар. Бүгінде қаламызда бала саны шамадан тыс 18 мектеп, үш ауысымды 8 мектеп жұмыс істеуде. Оқушылардың орын тапшылығы 26 мың орынды құрайды. Елордада 15 жоғары оқу орны, 33 колледж бар, оның 9-ы – мемлекеттік, 24-і – жекеменшік.

Қазақстанның бірден 34 университеті британдық QS EESA 2022 агенттігінің нұсқасы бойынша үздік жоғары оқу орнындарының тізіміне енді. Ал QS World University Rankings әлемдегі үздік университеттер рейтингін құрастырушылардың мәліметінше, 165-орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті иеленсе, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 357-орында тұр.

Мемлекет басшысының ұстаздардың жағдайын жақсартуға қатысты қабылданған, мұғалімдердің статусын көтеруге бағытталған заңы ұстаздардың беделін көтеріп, мерейін тасытып, әлеуетін арттыра түсетіні анық. Осы ретте қала әкімдігінің, Білім басқармасының елордалық ұстаздарды қолдаудың ең үздік моделін көрсетіп отырғанын айрықша айту қажет. Елорданың ұстаздары еліміздегі барлық ұстаздар қауымына мектеп, мұғалім, оқушы қандай болуы керек дегенде үлгі тұтар, алдыңғы қатарлы, үздіктер екенін мақтанышпен айта аламыз.

Күн қатты ысыған сайын, елордада су тапшылығы мәселесі де «күйіп» тұр. Астана әкімі Жеңіс Қасымбек халықты алаңдатқан мәселеге орай, үнсіз қалмай, күн сайын сұрақтың жауабын әлеуметтік желідегі парақшасында жариялауда.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Кеше ғана қала басшысы мынадай жазба шығарды:

«Достар! Кешелі бері үйлеріңізде су қысымының күшейгенін байқаған боларсыздар. Осыған дейін айтқанымдай, қалада 2021 жылдан бастап Астана су қоймасынан су өткізетін құбырдың жаңа тармағы және ауызсу станциясы (№3 су сорғыш-сүзгіш станция) салынып жатыр. Кеше су құбырының жаңа тармағы іске қосылды. Бұл тұрғын үйлердегі ауызсудың тиісті қысымын және жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. №3 су сорғыш-сүзгіш станция құрылысының бірінші кезеңі маусым айының соңында аяқталады. Осыдан кейін қалада су тапшылығы мәселесі толық шешіледі. Құрылыстың екінші кезеңі тамыз айында аяқталады, бұл алдағы 3-4 жылға қажетті қосымша су беру қуатын қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, Нұра жерасты сулары кен орнынан су құбырын жобалау және Тельман елді мекенінде су сорғыш-сүзгіш станциясының қуатын кеңейту бойынша жобалау жұмысы аяқталуға жақын. Бұл жобалар алдағы уақытта Астананы ауызсумен қамтамасыз етуге қажет қосымша қуат береді».

Оның алдында Жеңіс Қасымбек астаналықтарға бейнеундеу жолдап, маусым айында елордада жаңа ауызсу станциясы іске қосылатынын, ол тапшылықтың орнын толтырып, үйлерге жеткілікті көлемде су беруді қамтамасыз ететінін мәлімдеді.

«Құрметті Астана қаласының тұрғындары! Соңғы уақытта Астана қаласында су тапшылығы мәселесі көтеріліп жатыр. Рас, қаламызда мұндай проблема бар. Қазіргі уақытта тәулігіне 25 мың текше метр су жетіспейді. Қаламыз күн санап өсіп жатыр. Жылына кем дегенде 60-70 мың жаңа тұрғын қосылады, ал соңғы 3 жылдың ішінде қаламызда тұратын азаматтардың саны 200 мың адамға көбейді. Ендігі бір мәселе – соңғы айда суару жұмысы басталып кетті. Өткен аптада болған +30 градустан асатын аптап ыстық осы аптада да жалғасады деп болжануда. Бүгін де ауаның температурасы +30 градустан асып тұр. Осыдан 2 жыл бұрын әкімдік екі жаңа нысанның құрылысын бастаған. Бірінші нысан – қазір өздеріңіз көріп отырғандай, мынау су сорғыш-сүзгіш станциясы. Бұл нысанның құрылысы осы айдың соңына дейін толығымен бітеді және қалаға күн сайын қажетті 25 мың текше метр су беріледі. Екінші нысан – Астана су қоймасынан қалаға келетін су құбыры. Бұл нысанның да құрылысы аяқталуға жақын. Келесі аптада толығымен құрылыс жұмысы бітеді және қалаға қажетті су қысымы беріледі. Сонымен, бір айдың ішінде бүгінгі су тапшылығы мәселесі толығымен шешіледі. Ал тамыз айында бұл станцияның екінші кезеңінің құрылысы бітеді. Тиісінше қалаға күніне қосымша 85 мың текше метр су берілу мүмкіндігі пайда болады. Бұл алдағы 3-4 жылға жеткілікті» деп жазды елорда әкімі Instagram-дағы парақшасында.

«КӨШЕ ЖАБЫЛСА, СУ КЕЛЕДІ ДЕП ТҮСІНУ – ҚАТЕ»

6 маусымда бас қаладағы бірнеше көпқабатты үйлердің тұрғындары үйлеріне су беруді талап етіп көшеге шықты. Қала басшылығы бұл оқиғаға лезде назар аударып, құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан «Sat NS» тұрғын үй кешенінің су желілері «Астана су арнасы» компаниясына әлі берілмегенін жеткізді. «Құрылыс компаниясы су құбыры желілерін жалғау бойынша қосымша жұмыстарды жүргізуі қажет. Жұмыстар 1-2 күн ішінде жүргізіледі деп жоспарлануда» делінген әкімдік хабарламасында. Бұл мәселені Алматы ауданының әкімі мен «Астана су арнасының» өкілдері тікелей бақылауға алды.

Іле-шала Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Даурен Бабаұратов мәлімдеме жасап, тұрғын-



СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР...

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Лаура МАЛИКОВА,
тәжірибешіл-экологтар
қауымдастығының жетекшісі:



«№3 су сорғыш-сүзгіш станция елордадағы су тапшылығы мәселесін жартылай шешуі мүмкін. Бірақ оның түпкі себебі, деурбанизация процесін іске асыруда жатыр. Кезінде Астананы салуға қыруар қаражат жұмсап, жұртқа жарнамаладық. Өңірлердің халқы үдере көшті. Қала халқының саны тез өсіп кетті. Алайда судың мөлшері, қалдық жинау жүйесі, канализация құбыры мұншама адамға есептелмеген еді. Сондықтан, меніңше, елордаға көшетін халық санына шектеу қою керек. Өңірлерді дамытып, халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға дұрыстап көңіл бөлсек, бәрі көше бермейді. Екіншіден, бас қалада шексіз тұрғын үйлер сала беру де дұрыс емес. Құрылыстың белгілі бір шегі болуы тиіс. Судың, электр қуатының, жылуудың тапшылығы әр қаланың өсу, ұлғаю шегі болатынын көрсетті. Осы тұрғыдан билік тарапынан батыл шешімдер қажет. Керісінше, біз елордадан өңірлерге көшетін адамдарға жәрдемақша беріп, сол жақтан жұмыс орындарын тауып берсек, іс оңға басады».

Анар ТІЛЕУЛЕСОВА,
Ұлттық су серіктестігі
төрағасының орынбасары:



«Астана су арнасының» сағат түнгі 11-ден таңғы 6-ға дейін бау-бақшаңды суарып ал» дегені қисапсыз. Менің ойымша, бұл тығырықтан алып шығатын жол емес. Олар сонда әр аулаға барып, кімнің суды қайда құйғанын күзетіп жүре ме? Мәселенің мәнісі басқада. Өйткені су пайдалануды барлық әр министрлік пен ведомстволарға бөліп тастаған. Сайып келгенде, ешкім жауапкершілікті мойнына алмайды. Ол үшін ортақ бір ведомство қажет. Әлгі үй салып, тау-тау болып үйілген ақша табатындар да сол құзғырлы мекемеге барып, рұқсат алса, құба-құл.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП СУ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУ МӨЛШЕРІ

1 ТҰРҒЫНДАР ҮШІН – 48,46 ТЕҢГЕДЕН 78,68 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН (ӨСІМ – 62%);

2 ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, БЕРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН КӘСІПОРЫНДАРҒА – 152,91 ТЕҢГЕДЕН 207,59 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН (ӨСІМ – 36%);

3 БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА – 211,55 ТЕҢГЕДЕН 274,72 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН (ӨСІМ – 30%)

Бақытбек ҚАДЫР,
Астана қаласының тұрғыны:



«Астана Ақмолаға көшіп жатқан кезде ең бірінші болып мәселе көтердім. Сол кезде 200 мың халқы бар Ақмоланы Вячеслав су қоймасы (Астанадан 60 шақырым жерде) қамтып отырды. Сол жерлерде менің бәтеңкемнің ізі сайрап жатыр. Соның бәрін зерттеп, алда болатын жағдайды ескерткенмін. Мәселен, ол су қоймасының бір жылда беретін су қорының мүмкіндігі 60 млн текше метр ғана. Бұл 200 мың халыққа арналған. Ал қазір Астанада 1 млн 300 мың адам бар. Оған 150 млн текше метр су қажет. Және ол су қоймасынан қалаға жеткізетін су деңгейінің көтерілуі сол кезде 4-5 қабатты үйлерге арналған. Қазір Астана ғимараттарының алды 70 қабатқа жетіп қалды. 20-30 қабатты үйлерге су жеткізу үшін оған сорғы қояды. Бірақ ондай қысымға құбырдың диаметрі сәйкес келуі керек. Кезінде су жетпеген соң, асығыс жағдайда Ертіс арнасының суын Есілге сорғымен қосқан. Қазір Астанаға сол көмектесіп отыр. Бірақ оның өзі уақытша нәрсе. Астананың келешегі – Ертіс өзені. Мен оны баяғыдан айтып келемін. Семейден 60 шақырым жерде Шүлбі деген су қоймасы тұр. Сол су қоймасын саларда жобасын зерттедік. Жалпы, орталық және солтүстік өңірді құтқаратын – Шүлбі су қоймасы. Оның сыйымдылығын, деңгейін көтеруіміз керек, өйткені қойманың табаны дұрыс салынған. Енді оны тағы 20 метрге көбейтіп, көтеру қажет. Ертістің суы Ақмолаға сорғымен емес, жердің ылдшымен де құйылады. Соның құрылысын қайта есептеу қажет. Ол жақта біздің барлық астығымыз, байлығымыз жатыр. Мәселен, қазір Португалия, Испанияда қуаңшылық басталып, салған егіні құрап қалды. Ертең ондай жағдай бізге де жетуі мүмкін. Сол кезде Ертістің суымен егістікті аман алып қалуға болады. Яғни сол арна арқылы Арқаға 1 млрд текше метр су жеткізуге мүмкіндік бар. Бұл кезінде зерттеліп, дәлелденген. Басқа амал жоқ. Барлық ауыл, аудан, облыстағы мәселені осылай түбегейлі шешу керек».

дарды сабырға шақырды.

«Дәл қазіргі уақытта кейбір тұрғын үйлерде судың аздығы шамадан тыс қатты байқалатынын түсініп отырмыз. Мұндай үйлердің мәселесін «Астана су арнасы» және аудандық әкімдіктер бірлесіп шешуде. Кейбір жерлерде үйдің насостары қайта бекітіліп, соның арқасында судың ағысы күшейтіліп жатыр. Бірақ ол барлық жағдайда бірдей көмектесе бермейді. «Астана су арнасы» барлық тұрғын үйлерге теңдей қарап, су тапшылығын шешуге тырысуда. Алайда су қоймаларында деңгей қатты төмендеп кеткен кезде, олар сол су қоймаларын толтырып алғанша қаладағы ағысты азайтуға мәжбүр. Әдетте бұл түннен таңға дейін жалғасады. Мұндай кезде сабыр сақтағаннан басқа ештеңе көмектесе алмайтыны тағы анық. Сол себепті қалыптасқан жағдайға азаматтарды түсінушілікпен қарап, заңға қайшы әрекеттерден аулақ болуға шақырамыз. Көше жабылса, су келеді екен деп түсіну – қате. Есесіне, заңға қайшы әрекет, басқа азаматтардың еркіне нұқсан келтіріп, жол-көлік апатына әкелуі ықтимал. Сол себепті, қалыптасқан жағдайда өзге тұрғындар секілді заң аясында бірлесіп жұмыс істеуге шақырамыз. Әрбір арыз-шағым толық қаралады, мамандар сізге міндетті түрде көмектеседі» деді Д.Бабаұратов.

СУ ТАРИФІ 62 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАЙДЫ

Бұл жаңалық елордада өткен су тарифтері бойынша қоғамдық тыңдауда айтылды. «Астана су арнасы» компаниясының өтініші қабылдана, ауызсу тарифі тұрғындар үшін шамамен 62 пайызға қымбаттауы мүмкін. Компания дифференциалды тарифті қолданатындықтан, ауызсу бағасы жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіретін кәсіпорындар, бюджеттік мекемелер мен заңды тұлғаларға бөлек есептеледі. Күзгілері мекеме басшылығы судың бағасын былайша өсіруді ұсынып отыр:

- тұрғындар үшін – 48,46 теңгеден 78,68 теңгеге дейін (өсім – 62%);
- жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындарға – 152,91 теңгеден 207,59 теңгеге дейін (өсім – 36%);
- бюджеттік ұйымдар және заңды тұлғаларға – 211,55 теңгеден 274,72 теңгеге дейін (өсім – 30%) өсуі мүмкін.

Бұдан бөлек, кәріз құбыры жүйесінің (ағынды суларды бұру және тазарту) құны да өзгеріске ұшырамақ. Оны былайша көбейту жоспарланған:

- тұрғындар үшін – 37,73 теңгеден 60,31 теңгеге дейін (өсім – 60%);

- жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар үшін өсім – 33%;

- бюджеттік ұйымдар және заңды тұлғаларға – 27%.

Техникалық суды негізінен, №1, №2 жылу-электр орталығы тұтынады. Олар үшін тарифті 32,65 теңгеден 53,77 теңгеге дейін арттыру көзделген. Табиғи монополияларды реттеу департаменті тарифтің қаншалықты өсетіні туралы әлі нақты ақпарат таратқан жоқ. Себебі «Астана су арнасының» өтінімі әлі қаралуда. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Астана қалалық департаментінің басшысы Қанат Құлназаров маусымның ортасында жаңа тарифтерді бекіту туралы шешім қабылданатынын мәлімдеді.

«Тариф 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі. Су беру және сумен жабдықтау желілерінің тозбас үшін қосымша инвестициялар салынады. Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысын арттыру да қарастырылуда. Сонымен қатар субъектінің балансына берілген жаңа желілер бар, коммуналдық кәсіпорын оларға иелік ету бойынша шығыстарды өз мойнына алады. Бұл факторлар тарифтің өсуіне әсер етеді. Сондай-ақ биыл электр энергиясының өскені белгілі. «Астана су арнасы» үшін бұл стратегиялық тауар болып есептеледі. Әте кезінде ол да тарифтің өсуіне ықпал етеді» деп түсіндірді ол.

СУДЫ ҰРЛАЙТЫНДАР КӨП

Қоғамдық тыңдауда сөз сөйлеген «Астана су арнасы» коммуналдық кәсіпорының бас директоры Табиғат Зейнулқабден өткен жылы Астананың су тұтыну мөлшері 115 млн текше метрге жеткенін, биыл бұл көрсеткішті 120 млн текше метрге жеткізу жоспарланғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, кәсіпорын су көлемінің 19 пайызын жоғалтады, соның ішінде 16,5 пайызы су тазарту үдерісінде Ақбұлақ өзеніне құйылады екен. Ал қалған 3 пайыз суды ұрлайтындар көп. «Әсіресе, бұл – жекеменшік үйлер секторында орналасқан жатақханалар, моншалар, сауналар, автокөлік жуатын орындарда ұрланатын су. Кәсіпорынның жекеменшік үйлер мен көпқабатты пәтерлерде тұратын 435 мың абоненті бар. Одан бөлек, келісімшарт бойынша 23 мың нысанға қызмет көрсетеміз. Алайда «Астана су арнасының» 100 бақылаушысы барлық абонентті аралап үлгермейтіні анық» деді ол.

P.S: Айтпақшы, 435 мың абоненттің күн сайын қанша көлемде су тұтынатынын есептеп шығару қиын емес. Осы арқылы елордада қанша пәтердің, қанша жекеменшік үйдің бос тұрғанын анықтауға болады. Қоғамдық тыңдауда айтылған ақпараттың тағы біреуі – Астанадағы көпқабатты үйлердің 79 пайызында, жекеменшік үйлердің 57 пайызында ғана су өлшейтін құрылғы орнатылған. Судың қай жерде ысырап болып жатқанын іздейтін жандарға тамаша мүмкіндік осы. Тіпті, біздің заңнамада су өлшейтін құрылғыны орнатуға міндеттілік туралы бір ауыз сөз жазылмаған екен. Судың да сұрауы бар дейміз.

№69 (4502) 13/06/2023 Сейсенбі

Бірнеше жыл қинаған пандемия келмеске кеткендей тынышталып қалдық. Енді бәз-баяғыша жазда өзіміз қайда демалсақ, балаларды қай жерге апарып қыдыртсақ деп бас қатырамыз. Осындайда лагерлер және басқа да түрлі ойын-сауық, демалыс түрлерімен қатар әрі демалыс, әрі танымдық сапар болатын балалардың туристік пойыздарын ұйымдастыра берсе, Қазақстанда көріп тамашалайтын, тағылым алатын тарихи жерлер көп-ақ.



ТУҒАН ЕЛДІ ПОЙЫЗБЕН АРАЛАЙДЫ

Райхан
РАХМЕТОВА

2019 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстанда 2020 жылдан бастап барлық өңірге тегін «Балалардың туристік пойызы» жобасын іске қосуды жоспарлаған еді. Сол кезде балалар мен жасөспірімдер туризмінде ішкі көші-қон ағынының оң серпінін жасау үшін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, «1+2» схемасымен «Kids go free» қағида бойынша балалардың тегін авиамаршрутын субсидиялау көзделіпті. Бұл халықаралық тәжірибеде бар және әлемнің көптеген дамыған елінде: Ұлыбритания, Катар, Таити, Скандинавия елдерінде қолданылады екен. Басымдық әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балаларға, білім байқауы-

ның жеңімпаздарына, үздік оқушыларға және басқаларға берілетін болған. Одан бөлек, елдегі балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту үшін Үкімет жанынан тиісті Үйлестіруші кеңесті құру туралы да сөз болған. Алайда 2020 жылы өршіген коронавирус пандемиясы бұл жоспардың быт-шытын шығарды.

Бүгінде дертті ауыздықтап, қалыпты өмірге қайта оралдық. Алайда аталған министрлік бұл бастаманы ұмытып кеткен сыңайлы. Министрліктің баспасөз қызметі де мұндай пойыздарды шығару туралы ақпарат жоғын айтты.

Тек «Самұрық-Қазына» АҚ-тың «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ғана пандемияға дейін 3 жыл жүзеге асырған «Туған елге саяхат» патриоттық-танымдық пойызы жобасын араға үш жыл уақыт салып

қайта қолға алды. Алайда бұл жоба бойынша 600 бала ғана қамтылады. Оның 300-і аталған компания қызметкерлерінің балалары болса, қалған 300-і «Өз өңірімді өркендеткім келеді» тақырыбында шығарма жазу арқылы іріктеледі. Ол үшін 10-15 жас аралығындағы балалар жазған шығармасын roezd2023@list.ru электронды поштасына 10 маусымға дейін жолдады. Байқау жұмыстары мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданды. Үздіктерді қазылар алқасы анықтауда. 2016 жылы бастау алған «Туған елге саяхат» патриоттық-танымдық пойызына іріктелген балалар Қазақстанның 7 туристік аймағында болады. Аталған пойыз 3 кезеңде қатынайды: 19 және 28 маусым аралығында Астана – Байқоңыр – Түркістан – Алматы – Бұрабай – Астана, 2 және 11 шілде аралығында Астана – Байқоңыр – Түркістан

– Алматы – Алакөл – Астана, 19 және 30 шілде аралығында Астана – Алматы – Түркістан – Байқоңыр – Ақтау – Астана аралығын пойызбен аралайды. 9 күннің ішінде балалар 5 ірі қаланы аралап, әр қаланың тарихын тереңірек танып, жан-жақтан келген балалармен танысады. Сонымен қатар қалалар арасындағы жолсапарда балалар түрлі үйірмелер мен шеберлік сабақтарына қатысып, уақытын қызықты өткізеді. Аталған стансаларда пойыз 1-2 күн аялдаған кезде балалар сол өңірдегі тарихи жерлерді асықпай аралап үлгереді. Қонуға вагондарға қайтып келеді. Балалардың пойыздағы қауіпсіздігі, денсаулығы, тамағы, ойын-сауығы үшін арнайы мамандар – топ жетекшілері, теміржолшылар, дәрігерлер, аспаздар және тағы басқа да сала қызметкерлері тартылады. Олар жол бойына

бірге жүріп, балаларды бақылауда ұстайды.

– «Самұрық-Қазына» АҚ-тың құрамына «ҚазМұнайГаз» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ сияқты басқа да ірі-ірі компанияларды қосқанда 20-дан астам портфельдік компания кіреді. Ал біздің «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры осы компанияның бірыңғай қайырымдылық операторы ретінде аталған жобаны жүзеге асырады. Үкіметтік емес ұйымдардан түскен ұсынысқа орай әрі биыл қордың 15 жылдығы аясында балалар пойызын қаржыландыруға шешім қабылдадық. Биыл пойыз жұмысына ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және демографиялық мәселелер бойынша ұлттық комиссия өкілдері қатысып жатыр, – дейді «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры корпоративтік

“

2016 жылы бастау алған «Туған елге саяхат» патриоттық-танымдық пойызына іріктелген балалар Қазақстанның 7 туристік аймағында болады. Аталған пойыз 3 кезеңде қатынайды: 19 және 28 маусым аралығында Астана – Байқоңыр – Түркістан – Алматы – Бұрабай – Астана, 2 және 11 шілде аралығында Астана – Байқоңыр – Түркістан – Алматы – Алакөл – Астана, 19 және 30 шілде аралығында Астана – Алматы – Түркістан – Байқоңыр – Ақтау – Астана аралығын пойызбен аралайды. 9 күннің ішінде оқушылар 5 ірі қаланы аралап, әр қаланың тарихын тереңірек танып, жан-жақтан келген балалармен танысады

қызметінің бас менеджері Алдаберген Кемпірбаев.

Еліміздегі жалғыз патриоттық пойызды ұйымдастырушы қор өкілдері ниет болса, бұл жобаға көп қаржы кетпейтінін жеткізді. 2016 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан жобаны қаржыландыратын мүдделі мемлекеттік органдар болса, жолаушылар тасымалымен қамтамасыз етуде қиындық жоқ. Ел болашағын патриот, тарихын терең білетін, туған жерінің ерекшелігімен мақтанатын етіп тәрбиелеуде мұндай жобалардың берері мол.

ТӘТТІ ТҮТІННІҢ АШЫ ЗАРДАБЫ

Елімізде көкірегің көк түтінмен улайтындар саны артып келеді. Ересектерді айтпағанда бесіктен белі шықпаған мектеп оқушыларының қызылды-жасылды темекілерді көшеде будақтатып жүруі қалыпты құбылысқа айналды. Трендке айналған тәтті түтіннің жағымсыз иісі болмағандықтан, денсаулыққа зияны жоқ деп ойлайтындар да бар. Дегенмен, бұл – қате түсінік.

Елімізде кейіпті 21 жасқа толмағандарға сатуға заңмен тыйым салынған. Шектеу қойылғанымен, заңға бағынатын саудагер аз. Әдеттегі темекі секілді жасырын сатылуы қажет өнімдер ашықтан ашық өнімдер сатылуына сәйкес түр. Мақала жазу барысында бірнеше интернет-дүкендерге жаздым. Бағасы 2000 теңгеден жоғары саудаланатын өнімді сатушылардың бірі жасымды сұрап, 21 жастан асқандарға ғана сатамыз деп ескертсе, енді кейбіреулері жасымды сұрамай қызылды-жасылды түтіннің түр-түрін жіберіп, саудалады. Электронды темекіні бақылаусыз сатқандықтың әсерінен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстанда жүргізген зерттеуі бойынша 11 жастан 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында электронды темекіні тұтыну төрт жыл ішінде 3 есе өскен. Оның ішінде, ұлдардың 15 пайызы және қыздардың 6 пайызы электронды темекілерді пайдаланғанын мойындаған.

Тәуелділікті түдирары деп ескертсе де, оны пайдаланатын есімін жасыруды өтінген

7-сынып оқушысымен тілдестім. Қысқаша сұхбатымыз былай өрбіді.

– Электронды темекіні қайдан аласындар, ақшаны қайдан табасындар?

– Мен бұл өнімді жыл басынан бері тұтынып келемін. Алғашында достарыма қызғып, тарта бастадым. Сосын өзімнің осыған әуес болып қалғанымды да байқамай қалдым. Электронды темекінің бағасы қолжетімді, оны ойын клубтарында жасыңды сұрамай-ақ сатады. Көбінде ата-анамыз мектепке тамаққа берген ақшасын жинап немесе достарымызбен ақша қосып аламыз. Күніне шамамен 30 рет тартпасаң іздеп тұрамын.

Оқушы бала «менде электронды темекіге тәуелділік жоқ» деп жауап берді. Бірақ, тәуелді емес адам денсаулықты улайтын нәрсені сатып алып тарта ма?! Жолдастарына еліктеп, тренд құған заманда қолдарына түтікше ұстап, буын будақтатқанға әуестенген оқушылар электронды темекінің зиянына үңіле бермейтіні өкінішті.

Жастар арасында танымал электронды темекі – ішіне сұйық

ерітінді құйылған, ауыстырылатын картриджі бар және никотин жеткізетін электрондық жүйеге жататын құрал. Оның буында адам денсаулығына зиянды химиялық заттар бар. Олар: қалайы, мыс, хром, никель тағы да басқа химиялық қосындылар. Медицина мамандарының айтуынша, темекінің бұл түрі әдеттегі шылымнан да зиян. Себебі никотиннен бөлек, пластик зат қызғанда обыр тудыратын аса қауіпті химиялық қосынды бөлінеді. Никотин қан тамырларына тез сіңеді. Нәтижесінде, барлық ағзаның қан айналу процесі нашарлап, бірінші кезекте жүрек-қан тамыр ауруларының, нақтырақ айтсақ, аураларының, дамуына әкеліп соғады. Сонымен қатар, көз, мұрын, тамақ шырышты және тағы да басқа ауруларды тудырады. Адамдар зияны аз деп жүрген тәтті будың зардабын тізе берсек бітпек емес.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы электронды темекі өнімдерінің жарнамасын азайту керек деп дабыл қақты.

Бірақ соған қарамай елімізде кейіптердің жарнамалары кеңінен таралған. Әлемнің бірқатар елдерінде электронды темекіні пайдалануға шектеу қойылса, енді бір елдерде ол өнімді түбегейлі қолдануға тыйым салынған. Мысалы, Камбоджа, Ливан, Филиппин, Вьетнам, Үндістан және Тайландта тыйым салынса, Сингапурда кейіпті пайдаланғаны үшін 1,5 мың доллар көлемінде айыппұл салынады. Ал құрылғыларды сатушыларға бас бостандығынан айыру жазасына дейін қолданады. Еуропаның көп бөлігінде қоғамдық орындарда электронды темекіні пайдалануға тыйым салынған.

Елімізде соңғы жылдары темекі өнімдерімен күрес қарқынды жүріп келеді. Алайда соған қарамастан электронды темекіні пайдаланушылар саны артауда. Әсіресе, мектеп оқушыларының арасында кең қолданылуы көңіл алаңдатарлық жайт. Бұл мәселені шешуде тек мемлекет емес, халық және сол құрылғыларды сатушылар да жұмыс істеуі қажет. Ата-аналар балаларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, темекінің зиянын айту керек.



Медицина мамандарының айтуынша, темекінің бұл түрі әдеттегі шылымнан да зиян. Себебі никотиннен бөлек, пластик зат қызғанда обыр тудыратын аса қауіпті химиялық қосынды бөлінеді

Ал кесапаты көп тәтті түтіннің жарнамасын жасаушылар мен сатушылар заңға бағынып, мектеп оқушыларына, жасы 21-ге толмаған адамдарға өнімдерін сатпағаны дұрыс. Бірақ жасы 21-ден асқан тұтынушылар да, денсаулығын сақтап электронды темекілерді пайдаланбағаны абзал. Сән қуалаған заманда трендте боламын деп өзіңізге қастандық жасамаңыз.

Шынар ӘБИП,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия
ұлттық университетінің
2-курс студенті

ҚҰҚЫК

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕЛЕДІ?

Жаңаөзендік жұмысшылардың ұжымдық еңбек даулары шиеленісіп, ел астанасына дейін жетіп, алпыс-жетпіс адамның Энергетика министрлігі алдында наразылық білдіргені күні кеше ғана. Осы дүрбелеңді ушықтырмай, жергілікті жерде шешуге болатын да мүмкіндіктер бар еді. Алайда сол саланың басшылары туындаған мәселеге салғырт қарап, жағдайды уыстарынан шығарып алған. Ал шындығында мұндай еңбек дауларын сотқа жеткізбей шешудің пайдасы зор.

Еңбек кодексінің 164-бабының 1-бөлігіне сай, ұжымдық еңбек даулары мынадай реттілікпен шешіледі: жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі, қауымдас-тығы, одағы дауды шешу мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша соттар қарайды. «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII санды заң қабылданды. Алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Еңбек кодексінің 163-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ұжымдық еңбек дауы еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша осы кодекснің 164-бабына сәйкес ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі. Жұмыс беруші жұмыскерлердің қойған талаптарын – оларды алған

күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдас-тықтары, одақтары) бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті. Жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті. Жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті. Жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

Жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті. Жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

2023 жылғы 18 сәуірден бастап ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізіледі, яғни, Еңбек кодексінің 166-бабына сәйкес еңбек төрелігін бес жұмыс күні орнына екі күн ішінде құрады. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің қатарынан дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен тепе-тең негізде айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Еңбек төрелігінің құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссияның өкілдері кіреді. Әлеуметтік әріптестік тараптарының мүддесін білдіретін ұшжақты комиссия мүшелері ең-

бек төрелігінің құрамына тепе-тең негізде кіреді. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күннен бастап бес жұмыс күні орнына жеті жұмыс күнінен кешіктірмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Сонымен қатар, Еңбек кодексінің 166-бабы 5-1-тармақпен толықтырылады, яғни, енді еңбек төрелігі ұжымдық еңбек дауын қараған кезеңде жұмыскерлер осы кодекстің 176-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сағаттық ескерту ереуілін бір рет өткізуі мүмкін, оған елуден аспайтын жұмыскер қатыса алады. Еңбек төрелігіне қатысатын жұмыскерлердің өкілдері сағаттық ескерту ереуіліне қатысатын жұмыскерлерге оның ұзақтығы бұзылған жағдайда заңдарда белгіленген жауаптылығы туралы ескертуге тиіс. Жұмыскерлер жұмыс берушіге сағаттық ескерту ереуілінің басталуы туралы жазбаша нысанда үш жұмыс күнінен кешіктірмей ескертуге тиіс. Еңбек кодексінің 170-бабының 1-тармақшасы жаңа редакцияда көзделген, яғни, жұмыс беруші жұмыскерлердің осы кодекстің 164-бабының 3-тармағына сәйкес ресімделген талаптарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұжымдық еңбек дауының туындағаны туралы, ол түпкілікті шешілгенге дейін ахуал туралы кейіннен апта сайын хабардар ете отырып, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды хабардар етуге міндеттелген. Еңбек төрелігінің шешімі белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, тараптардың дауды шешуін сот тәртібімен жүзеге асыруға құқылы.

Алмас САЛИМОВ,
Астана қаласы
Есіл аудандық
сотының төрағасы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ҮЗДІКТЕР



Мемлекеттік қызметкер – қоғамның айнасы, оның ұстанған саясатын алға қарай апарушы, дамытушы. Айта кету керек, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптар жылдан жылға қатаңдай түсуде. Мәселен, қазіргі ақпараттық қоғам дәуірінде мемлекеттік қызметкерлердің ақпараттық технологияларды меңгерулеріне баса назар аударылады.

Әрбір мемлекеттік қызметкер азаматтардың талап-тілектерімен жұмыс жасай біліп, мәселенің мән-жайын анықтап, өз құзыреті аясында оның шешімін табуға бар күшін жұмсауы тиіс. Тәуелсіздік алғалы мемлекеттік қызмет алдындағы міндеттер үнемі жаңа талаптармен күрделеніп, жаңа деңгейде күн тәртібіне қойылып келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет үшін оң имиджді қалыптастырудың мәртебелік мәні ерекше. Ол халықтың мемлекеттік қызметшіге деген сенімінің көрсеткіші.

Имиджді арттыру іс-шараларын жүргізу мемлекеттік қызмет-

шілердің болашаққа, мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтады, мемлекеттік қызметтің мәртебесін өсіреді, мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттырып, қызметкерлердің кәсібилігін арттыруға септігін тигізеді. Осы орайда, ағымдағы жылдың сәуір айында үздік кәсіби білімі мен дағдысы бар мемлекеттік қызметшілерді анықтау және ынталандыру мақсатында «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсының өңірлік кезеңі басталған болатын. Мемлекеттік қызметшілер арасында үздіктерді анықтауға бағытталған бұл конкурсқа Орталық мемлекеттік органдардан,

Жергілікті атқарушы органдардан және Орталық атқарушы органдардың аумақтық департаменттерінен 50-ге жуық мемлекеттік қызметшілер қатысуға ниет білдірді.

Конкурстық талаптарға сәйкес қатысушылар ережеде бекітілген уақытта кейстік тапсырмаларға жазбаша және бейне жауаптарын жолдап, жеке сұхбаттасудан өтіп әрқайсысы өзінің біліктілігі мен тәжірибесін көрсете білді.

Республикалық конкурстың өңірлік кезеңінің нәтижесі бойынша ҚР Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Сауранбаев Мұрагер Амангелдіұлы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті амбулаторлық-емханалық және жедел медициналық көмек басқармасының басшысы Қыдырәлиева Асел Қазбекқызы, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Орталық кеден зертханасы Менеджмент жүйесі және

талдау жұмысы бөлімінің басшысы Исабай Ерлан Асқарұлы және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сарыарқа ауданы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Мейрманова Ақмарал Сансызбайқызы жеңімпаз атанып, конкурстың келесі республикалық кезеңіне өтті. Республикалық кезең ағымдағы жылдың 23 маусымына дейін жалғасын тауып, үздік атанған қызметкерлер «Мемлекеттік қызметшілер күні» мерекесі қарсаңында салтанатты түрде марапатталатын болады. Барлық жеңімпаздарды құттықтай отырып, алдағы республикалық кезеңде жеңіс тілейміз. Еңбектеріңіз әрқашан еселене берсін!

Бибігүл НҰРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

Бүгінгі таңда мемлекеттік аппаратты тиімділігі жоғары, мобильді, азаматтарға бағытталған және үнемі жетілдіріліп отыратын ұйымға айналу қажеттілігі тұр.

ҚЫЗМЕТШІ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Бұл ұйымның негізгі капиталы – онда жұмыс істейтін қызметшілер. Олардың жоғары кәсібилігі мен қызмет нәтижелілігі азаматтарға тиімді қызмет етудің кепілі.

Жоғары кәсіби қызметкерлер өздерінің әлеуетін мемлекеттік аппарат пен қоғам мүддесіне бағыттау үшін олардың құқықтарының мұлтіксіз сақталуы – заман талабы.

ҚР мемлекеттік қызметі туралы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғауға құқығы бар.

Осы орайда, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) белгіленген құзыреттілік шеңберінде мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың және мемлекеттік қызметшілермен қызметтік әдепті сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2022 ж. 5 қызметшінің, 2023 ж. 1 тоқсанының қорытындысы бойынша жүргізілген бақылау шараларының нәтижесінде 1 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқығы қалпына келтірілген.

Мәселен, ҚР Президентінің 29.12.2015ж. №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 34-тармағына сәйкес, мемлекеттік өкімшілік қызметші болмашы тәртіптік теріс қылық жасаған жағдайда, ол егер жазбаша түсініктемесінде

өзінің осы теріс қылықты жасау жайымен келіссе, онда уәкілетті адамның оған қызметтік тергеп-тексеру жүргізбей ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде жаза қолдануға құқығы бар.

Алайда Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің (бұдан әрі – ЭБД) Персоналды басқару бөлімімен қызметкердің түсініктемесінде теріс қылық жасау жайымен келіспегеніне қарамастан, оған қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізбей «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

Осыған орай, СЭБД басшысының бұйрығымен қызметкерге қатысты қолданылған тәртіптік жазаның күші жойылды.

Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасын табатын болады, өйткені уәкілетті орган ретінде мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау – Департаменттің басты міндеттерінің бірі.

Егер Сіздің мемлекеттік қызметкер ретінде құқығыңыз бұзылған жағдайда, Департаментке 24-89-29 нөміріне хабарласу арқылы немесе Сарыарқа, 13 даңғылында орналасқан ғимаратына келіп қолма-қол наразылығыңызды білдірсеңіз болады.

Нұрдос УСТЕМІР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың сенім білдірілген тұлғасы келесі кепіл мүлікке сауда-саттық жариялайды:

№ 1 Лот.
Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Орлыков к-сі, 11Б-ғим. мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы 0,16120 га бөлінбейтін учаскесі бар, жалпы ауданы 957,30 ш.м. қойма үй-жайы (к.н. 21:319:061:939:11Б).
Бастапқы бағасы – 48 200 405 теңге.

Кепілдік жарна – 3%.
Сату әдісі – Голланд.

Бастапқы бағаның 3% мөлшерінде кепілдік жарна төменде көрсетілген деректемелер бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру үшін қажетті құжаттардың тізімін алу үшін Сенім білдірілген тұлғаға жүгіну қажет.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 2023 жылғы 22 маусым сағат 18.00-ге дейін Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, 310-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Сауда-саттық 2023 жылғы 23 маусымда сағат 15.00-де Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, 310-кабинет мекенжайында өтеді.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін соңғы бағаны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде қолма-қол ақшамен банктің чегі түрінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да есеп айырысу тәсілімен толық көлемде енгізуге тиіс.

Сенім білдірген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Нургуль Мамытбаева Шинарбаева, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 17, шот КЗ326010011286000190, БСК HSBKZKX, BSN 940140000385, КБЕ 14. Сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша анықтамалар үшін телефон 8 (702) 1018420.

Астана қаласының мәслихаты «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» басшысы Жансұлтан Бердібекұлы Сапарбаевқа әкесі, мемлекет және қоғам қайраткері Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлының дүниеден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтады. Сіз үшін осы қайғылы күнде шынайы қолдау сөздерін қабыл алыңыз.

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ басшысы Жансұлтан Бердібекұлы Сапарбаевқа әкесі Бердібек Мәшбекұлының өмірден озуына байланысты Қоғамдық кеңес мүшелері атынан қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 95 және 96-баптарының талаптарына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 41-тармағының 4-тармақшасына және 42-тармағына сәйкес, 20.06.2023 жылдан 04.07.2023 жылға дейінгі кезеңде «Феррокоритты өндірісі», «Темір кендерін (өзге де қара металл кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту», «Түсті металл кендерін (бағалы металл қоса алғанда) өндіру және байыту» ең үздік қолжетімді

техникалар бойынша анықтамалықтарының жобаларын қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Жоғарыда көрсетілген ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтардың жобаларын Бірыңғай экологиялық порталдан, жарияланған жария талқылаулар айдарынан қарауға болады (Ecoportal.kz). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) қабылданады. Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 18, «Мәскеу» бизнес-орталығы, 18-қабат, тел. 8 7172 797-795.



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

МАЭСТРОНЫҢ МУЗЫКА КЕШІ

Қазіргі қазақ музыкасындағы ең мықты композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Астана қаласының Құрметті азаматы Төлеген Мұхамеджановтың мерейлі 75 жылдығына орай «Астана Опера» театрында «Құс жолы» атты шығармашылық кеші өтті.

Бәріміз де балалықтың елінен келдік қой, маэстроның кеші балалығын еске салған «Балалық шаққа саяхат» әуенінен басталды. Композитор бір сиырын сатып пианино әперген анасының ақжарқын бейнесін, алғаш кәсіби музыка туралы әкесінен естігендерін еске алды... «Дала», «Туған жер» шығармалары орындағанда кезде «Мәртебелі музыкаға бағыт сілтеген, жігерлендірген туған жері Абай ауылы – жанымның төрінде» деді. Сахнада «Астана Опера» мемлекеттік театрының симфониялық оркестрі өнер көрсетті. Дирижері – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдинов.

Небір нәубетті, ашаршылықты, түрлі қиындықты басынан өткерген қазақ даласындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арналған «Жорық» шығармасы ерекше әсерлі болды. Бұл шығарма алғашында «Бозторғай» атты анимациялық фильмге арнайы жазылған болатын. Бұдан соң бақилық болған белгілі Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек

Мәшбекұлын де мұндана еске алды, «Астана Операның» камералық хоры орындауында мұңды музыка көрермендерді толқытты...

Астана сахнасында опера майталмандары, қазақ эстрадасының жұлдыздары Ә.Дінішев, Р.Рымбаева, Ж.Пиязов, Т.Забирова, Н.Өнербаев, Ж.Жексен, М.Арапбаева Б.Исаев, Р.Малцагов, А.Ораз, Ә.Кәрімов, Р.Байдүкенова және «Джентельмен» тобы ән шырқап, скрипкашы Ержан Қулибаев маэстро кешінің көрігін қыздыра түсті.

Төлеген Мұхамеджанов көптеген фильмдердің саундтрегін жазды. «Біржан сал», «Құнанбай» фильмдерінде Қазақстанның Халық әртісі, актер, режиссер, ҚР Мемлекеттік сыйлығының

екі мәрте иегері Досхан Жолжақсыновпен бірлесе жұмыс істеді. Тұтас бір дәуірдің тынысын музыкамен жеткізді. Бұл шығармаларды оркестр шығармашылық кеште орындады. Төлеген Мұхамеджановтың «Астана» симфониялық поэмасы экрандағы Астананың құрылу жолдары мен тарихы, көркею жылдары көрсетілген видеокөріністермен ерекше әсер етті.

Композитордың «Құс жолында» жолыққан, айдының ажарын келтірген аққуы, маэстроның музасы – ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаева «Аққуым» әнін нәшіне келтіре орындады. Қоңыр дауысымен халықтың жүрегін жаулаған әнші Нұрлан Өнербаев «Аққу

арманды» баласының және оркестрдің сүйемелдеуімен тамаша орындап шықты.

Жұлдызды кештің атауына арқау болған «Құс жолы» әнінің тарихы бір романға жүк болғандай. Әннің 8 жылдан кейін шыққаны туралы, Тасқын Оқапов туралы тағдырлы әннің тарихын қалың көрермен композитордың өз аузынан естіді.

Мерекелік кештің мәртебелі мейманы, сахна төріне шыққан Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек Ері Әлібек Дінішев маэстроны мерейтойымен құттықтап, «Мне не забыть тебя» әнін орындап, зал дүркіреп қол соқты. Кешке жиналған көрермен маэстроның «Отан» деп соққан жүрегінен от алды, шуағына шомылды.

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Қазақтың кең-байтақ даласын асқақ та жігерлі күйлерімен тербеген ұлы күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 205 жыл толуына орай Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының әртістері мен халық аспаптар ансамблі көрермен назарына «Құрманғазы» концертін ұсынды. Дирижері – Мәдениет саласының үздігі Маралжан Мырзақұлова, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Жұманиязов.

Кеште Құрманғазының «Кісен ашқан», «Қызыл қайың», «Серпер», «Кедей зары», «Саранжап», «Амандасар», «Қызыл қайың – Серпер», «Көк ала ат», «Жима», «Теріс қақпай», «Арба соққан», «Байжұма», «Бұлбұл», «Кішкентай», «Сарыарқа» т.б. күйлері орындалды.

Күй – жай ғана музыка емес, орындалуы ерекше аспаптық пьеса. «Қайран, шешем» күйінің атмосферасын көрсету үшін оркестрден бөлек, қойылым көрсетілді. Соғыстың салдарынан жалғыз ұлынан айырылған ананың зары, қайғысы көрген жанның жүрегін тебіртті. «Адай» баян аспабында әуелеп, «Төрмұрат» домбырамен күмбірледі. «Бозшолақпен» жас келіншектердің биі, «Қуанышпен» сол қыздардың сыңғырлаған күлкисі естілгендей әсер етті.

Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» симфониялық күйінің орындалуы тіпті ерекше, күйдің құдіретімен сайын даламызда, майдан алаңының қақ ортасында жүргендей сезіндік. Әр күйден кейін түрлі көңіл-күйге бөленіп, өне бойынды бірде қайғы, бірде қуаныш тербеді.



Концерт кезінде көрермендер жас-кәрісіне қарамай әрбір күйден кейін орындаушыларға қошеметтерін көрсетті, бұл мерекенің ерекшелігі – аспаптар құдіреті арқылы ұрпақтар сабақтастығын көрсете білді. Іс-шара жоғарғы деңгейде өтті, концертке келген әрбір адам ерекше көңіл-күймен тарқасты.

Құрманғазының күйлері қазақ өмірінің тілсіз тамыршысы, азаткерлік рухының ұраншысы іспетті. Ұлттық тарихымызды әуен тілінде жазған ұлы эпопеясы деуге болатындай, тарихи-танымдық, табиғаты аса елеулі туындылар.

Жібек РАХИМОВА,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

ГАЙДННАН ҚАЗАНҒАПҚА ДЕЙІН

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Ф.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті квинтет «Астана Опера» театрының К.Байсейітова атындағы камералық залында «Aqzhelen» концертін ұсынды.

«Қазақквинтет шақырады» топтамасының жазғы сериясында музыкалық ұжым Йозеф Гайдн, Морис Равель, Хуго Вольф сынды композиторлардың шығармаларын және қалыптасқан дәстүр бойынша ұлттық музыкалық мәдениеттің көрнекті өкілдерінің бірі, күйші, халық композиторы Қазанғаптың «Ақжелең» туындысын орындады.

«Ақжелеңді» дирижер, өңдеуші-композитор, этномузыкатанушы Әбілқайыр Сағымбаевтың өңдеуінде ұсынылды. Оның айтуынша, «Ақжелең» – домбыра музыкасындағы тұтас ағым. Бұл жанр – Қазанғаптың қазақ өнеріне қосқан жаңалығы.



Қазанғап «Ақжелеңнің» «Домалатпай Ақжелең» болып 62 нұсқасын жасады. Бұл «Күй шақырғыш Ақжелең», кете береді.

Елорда маңындағы «Балқарағай» демалыс орнында дәстүрлі садақ атудан алғаш рет жастар және ересектер арасындағы Астана қаласының чемпионаты өтті.

САДАҚ АТУ САЙЫСЫ

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Чемпионат 18-24 жас және 24 жастан жоғары санат бойынша, ерлер мен әйелдер арасында ұйымдастырылды. Сайыс 4 түрлі жаттығу бойынша өтті.

«Елордамыздағы садақ атушыларымыз Қазақстандағы ең үздік мергендердің қатарына кіреді. Оның ішінде 15 садақшымыз өзінің кәсіби шеберлігінің арқасында ұлттық құраманың сапында жүр. Біз астаналық спортшыларымыздың жетістіктерімен мақтана аламыз. Бүгінгі Астананың чемпионатында қазақтың дәстүрі одан әрі жаңғыра түсетіні анық» деді Астана қалалық садақ ату федерациясының президенті Диас Ахметов.

Жарыстың Пута нысанасы бойынша (70 метр – ерлер, 60 метр – әйелдер) бәсекесінде – Ербол Тапенев мен Динара Жақсылықова.

Жастар бәсекесінде (30 метр) Ерзат Талапбай мен Фариза Сабыржан, Қалқан нысанасы бойынша (60 метр)

(ерлер) /50 метр (әйелдер) ересектер бәсекесінде Бақберген Салимов пен Баян Чекоданова жеңімпаз атанды.

Орта Азия нысанасы бойынша сайыста 40 метр (ерлер/әйелдер) Мұхамедәлі Әшіров пен Анжелла Тарыца, жастар жарысында Елдос Егізбаев пен Дильназ Әбдіразақ, Жамбы нысанасы жарысында Абылай Қанат пен Салтанат Исакова топ жарды. Жарыс соңында әр санаттағы жеңімпаздар медаль, диплом, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Астана чемпионатында жүлдегер атанған садақшылар маусым айының аяғында Жетісу облысында өтетін Қазақстан чемпионатында бақ сынады» дейді Астана қаласы әкімдігінің «Спорттың олимпиадалық емес түрлерін дамыту дирекциясының» басшысы Дастан Алдашев.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №69

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ